

## **№ 4 -Лекция**

**Сынып жетекшісі, оның тәрбие жұмысын ұйымдастыру қызметі мен міндеттері.**

## Мақсаты:

- Мектеп өмірінде сынып жетекшісі қызметінің ерекшеліктері мен міндеттерін және оның тәрбие жұмыстарының бағыттары мен мазмұнын ашып көрсету. Сынып жетекші институтының қалыптасу тарихы мен жұмысының ерекшеліктерін негіздеу.

# Жоспары:

1. Сынып жетекшісі, оның міндеттері мен жұмысының ерекшелігі.
2. Сынып жетекші институтының қалыптасу тарихы мен жұмысының ерекшеліктері.
3. Сынып жетекшісінің педагогикалық қызметі.
4. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмыстарының бағыттары мен мазмұны.
5. Сынып жетекшісінің тәрбиелеуші органы ұйымдастыру және дамыту технологиясы.

# *Негізгі ұғымдар*

- сынып жетекшісі, оқушыларды қадағалаушылар, топ жетекшілері, мектеп жарғысы мен ережесі, сынып жетекшісі қызметі: педагогикалық-әлеуметтік, ұйымдастырушылық, оқушылардың жалпы әрекетін басқару (диагностикалық, ұйымдастырушылық, үйлестірушілік, басқарушылық, мақсатқоюшылық, жобалау, түзету (коррекция), жоспарлау және т.б.).

# *Тақырып бойынша проблемалық сұрақтар:*

1. Мектептің тәрбие жүйесінің субъектісі ретінде сынып жетекшісі қызметін тағайындау қажеттілігі қандай?
2. Сынып жетекшісінің міндеттері мен қызметіне не жатады?
3. Сынып жетекшісі институты қай жылы құрылды және оның міндеттері мен жұмысының мазмұны қалай анықталды?
4. Сынып жетекшісі туралы ережелер қай жылдары бекітілді және олардың бір-бірінен ерекшелігі қандай?
5. Соңғы жылдары сынып жетекшісі қызметінің жаңа түрлері және оның пайда болу себебі не?

## 4.1. Сынып жетекшісі, оның міндеттері мен жұмысының ерекшелігі.

- Мектеп өмірінде **мұғалім - басты тұлға**. Мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді. Ол белгілі бір сыныпта оқушылардың **оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы** әрі ұстазы, ақылшы-кеңесшісі болып саналады. Сондықтан да ол қиын да әрі жауапты міндетті атқарады. Соған қарамастан мұғалімдердің кейбіреуі бұл міндетті өздерінің білім беру қызметіне қосымша іс ретінде санаса, ал басқалары оны өздерінің негізгі **педагогикалық әрекеті** ретінде қарастырады. Дегенмен, сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі қаншалықты қиын болғанымен де, әрине ол балаларға өте қажет.
- Себебі, мектеп құрылымындағы ең негізгі буын ол – *сынып*. Мұнда оқушылардың таным әрекеті ұйымдастырылып, олардың өзара әлеуметтік қатынастары қалыптасады. Балалардың болашақ әлеуметтік жағдайға бейімделуі, олардың демалысына қатысты мәселелері, алғашқы ұжым болып қалыптасу дәрежесі, соған сәйкес сыныптың моральдық-психологиялық жағымды көңіл-күй жағдайы жүзеге асырылады.

- **Сынып жетекшісі** – ол оқушылардың сыныпта және сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушы және мектептің тәрбие жүйесінің субъектілерінің *(мұғалімдер мен оқушылар, мектеп әкімшілігі мен ата-аналар және жұртшылық)* өзара бірлескен тәрбиелік әрекетін үйлестіруші **басты тұлға**. Оны мектеп әкімшілігі мектептің педагогикалық кеңесінің шешіміне сай тағайындайды. Ол белгілі бір сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастырады және ынтымағы жарасқан оқушылар ұжымын құрады, сол сыныпта жұмыс істейтін пән мұғалімдерінің тәрбие әрекеттерін үйлестіреді және ата-аналар мен жұртшылықты бала тәрбиесіне ортақтастырады. Оған тікелей балалардың өмір сүруі және оқу-тәрбие жағдайын қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктеледі.
- Олай болса, сыныпта оқушылардың оқу-тәрбие әрекетін ұйымдастыру, сыныптан тыс тәрбие жұмыстары мен тәрбиелік шаралардың ықпалын үйлестіру тек сынып жетекшілеріне жүктеледі. Ол оқушыларға қатысты мектеп өміріндегі мәселелерді шешуде нақтылы көмектесуге және оларды тартымды әрі қызық ұйымдастыруға тырысады. Оған К.Д.Ушинскийдің «...тәрбиешінің жеке басының жас жанға ететін ықпалы оқулықтармен де, жақсы әдет-ғұрыпты құлаққа сіңіретін уағызбен де, жазалау және мадақтау жүйесімен де ауыстыруға көнбейтін тәрбиелеушілік күшке ие» деген тағылымдық мәні зор пікірі дәлел болмақ.

- Бұған қосымша Д.И.Менделеевтің «Мұғалімнің бүкіл мақтанышы – шәкірттерінде, өзі шашқан ұрпақтарының өсіп-өнуінде» деген мұғалім мамандығына қатысты пікірі және Я.Корчактың «Өзін тәрбиелей білмеген, өзгені де оңдырмайды» деген ұстанымы сынып жетекшісінің жеке басының тәрбиелік сапасына да айырықша маңыз берілгендігін байқаймыз.
- Сынып жетекшісі жұмысының негізгі **мақсаты** – өмір сүріп отырған қоғам талабына сай мектеп оқушыларын саналы және белсенді, іскер, қоғамшыл, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге, нәтижесінде тұлға ретінде қалыптасып дамуына барынша ықпал жасау, оған бүткіл жұртшылықты тарту. Сыныптағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымының қалыптасуын, адамгершілік қасиеттерін, еңбекке деген сүйіспеншілігін қамтамасыз етіп, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу. Сондықтан оның жұмысының мазмұны мен тәрбиелік шараларының бәрі осы мақсатқа бағытталуы тиіс.
- Атап айтқанда тәрбиенің негізгі салалары: ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесіне т.б. тәрбие міндеттерін мектеп пен сыныптың нақтылы өмір жағдайларына байланысты қарастыру.



- Сынып жетекшісінің міндеті - сан алуан. Сол себепті ол жүргізетін тәрбие жұмысы өзінің педагогикалық-психологиялық мазмұны жағынан өте күрделі әрі көп ізденісті талап етеді.
- Сынып жетекшісі жұмысының негізгі **міндеттері:**
  1. Сыныптағы оқушылардың талап-тілектері мен мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу.
  2. Сыныптағы оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға ұйымдастыру.
  3. Сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігінің және оқушылардың ата-аналарының балаға жасайтын тәрбиелік ықпалын үйлестіру, оқушыларға қоятын педагогикалық талаптардың бірлігін қамтамасыз ету.
  4. Тәрбие үрдісінде мектептің, отбасы мен жұртшылықтың тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету.
  5. Оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық оқу, насихат жұмыстарын жүргізу.
  6. Оқушыларды тәрбиелеуде сыныптан және мектептен тыс түрлі бағытта тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.
  7. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету.

8.Тәрбие қызметінің тұтастығын, жүйелігін, тәрбиелік шаралардың бірлігін қамтамасыз ету.

9.Тәрбиенің негізгі бастауы - ұлттық тәлім-тәрбиені сынып жетекшісі қызметінің маңызды бір саласы ретінде қарастыру т.б.

**Ол үшін:**

- сыныпта жұмыс істейтін басқа пән мұғалімдермен бірге оқушыларды мектеп Ережесіне сай тәрбиелеу;
- оқушылардың танымдық қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту, олардың оқу үлгерімін көтеру және кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу;
- оқушылардың денсаулығын қорғау және дене бітімінің дұрыс дамуына қамқор болу;
- оқушылармен бірге оқудан тыс түрлі бағытта тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылардың қоғамдық пайдалы істері мен балалар ұйымдары және бірлестік жұмыстарына педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету;
- бала тәрбиесінде оқушылардың ата-аналарымен тығыз қарым-қатынас орнату және олармен педагогикалық ағартушылық жұмыстар жүргізу т.с.с.

## 4.2. Сынып жетекші институтының қалыптасу тарихы мен жұмысының ерекшеліктері.

- Сынып жетекшісінің негізгі міндеттерімен толығырақ таныс болу үшін ССРО ағарту министрлігінің «Класс жетекшісінің жұмысы туралы» (1975) методикалық хатпен, жалпы білім беретін орта мектептердің Жарғысымен және т.б. көптеген құжаттармен таныс болу қажет. Олардың тізімі әдебиеттер бөлімінде көрсетілді.
- Дұрыс тәрбие - балаға өмір бойы азық. Сол дұрыс тәрбиені ұйымдастыратын басты тұлға - мектептегі сынып жетекшісі.
- Кеңес өкіметі орнағанға дейін патшалық Ресейдегі оқу мекемелерінде арнайы тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар болмады. Ол тек XIX ғасырдың 70 жылдары ғана пайда болды.
- Дегенмен, тәрбие мәселесімен кәсіби айналысушы адамдар ертерек пайда болды. Олар ақсүйек және ауқатты отбасыларында бастапқы кезде “күтушілер”/няньки/, кейіннен “гувернанткалар” ретінде қызмет етті. Ал оқу мекемелерінде, 1804 жылғы “Университеттік мекеме Жарғысына” сәйкес оқушыларды тәрбиелеу ісі үйретуші - ұстаздарға (ерлер гимназияларында), ханымдарға (әйелдер гимназияларында) негізінен өз оқушыларының мінез-құлқын бақылап, тәртібіне жауап беру міндеті жүктелген.
-

- 1828 жылғы гимназия және училище туралы Жарғыда, оқушыларды таңдау мақсатында олардың жеке басын танып білу қажеттігі де баса көрсетілген.
- Дегенмен, орта оқу мекемелерінде балалардың тәрбиелеу ісін ұйымдастыру мәселесі оқытушылармен қатар, оқушыларды *қадағалаушыларға* да (“надзиратели”) жүктелген. Олардың негізгі міндеттері тәрбиеленушілердің тәртібін қатаң бақылау; оқушылардың жетістіктерін, теріс қылықтарын, не нәрсеге бейімділігін, мінез-құлықтарын анықтап отыру мақсатында *күнделік* жүргізу тапсырылды. Сонымен бірге, олар тәрбиеленушілердің қолы бос уақытында *кітап оқуын* қадағалауға да міндетті болды.
- 1871 жылғы “гимназиядағы сынып тәрбиешісі” Жарғысына сәйкес *сынып тәрбиешісі* қызметі ресми түрде бекітілді. Соған сәйкес сынып тәрбиешілері мұғалімдер есебінен тағайындалып, олар білім берумен де айналысты.

- Сынып тәрбиешілерінің *міндеттерінің* ауқымы кең болды: сабақта тәртіпті сақтауға ықпал ету, сабаққа қатысуды қадағалау; мектеп іс-қағаздарын жүргізу; оқушылардың дамуын, таным қабілеттерін бақылап зерттеу; сол сыныпта сабақ жүргізетін оқытушылармен ай сайын мәжіліс өткізу. Сонымен қатар сынып тәрбиешілері тәрбиеленушілердің мемлекеттік заңдарды және оларды орындаушыларды сыйлауға, Отанға және мемлекетке берілгендік сезімдерін тәрбиелеуге міндетті болды. Мұнда діни сезімге көптеп көңіл аударылды.
- Бірақта, іс жүзінде сынып тәрбиешілерінің әрекеті тек оқушыларды бақылау және тәртіпті сақтаумен ғана шектелді. Себебі, оқу мекемелеріндегі мұндай қызметтің мәртебесі онша жоғары болмады. Әрі онда негізінен оқуға көптеп көңіл бөлінді. Сондықтан, сынып тәрбиешілерінің тәрбие жұмысымен айналысуға уақыттары да аз болды.

- XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бастапқы кезеңінде қоғамдағы кейбір өзгерістерге сай баланың **жеке тұлғасына** деген көзқарас өзгеріп, оның қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл бөле бастады. Дегенмен де сынып тәрбиешілерінің қызметі 1871 жылғы Жарғыға сәйкес өзгеріссіз қалды. Олардың маңызды *міндеті* - оқу процесін ұйымдастыру болып есептелді: сабақта тәртіп орнату; оқушылардың сабаққа қатысуы; қосымша сабақ ұйымдастыру; үй тапсырмасын орындату т.с.с.
- XX ғасырдың басында оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарын, демалысын, әр түрлі пәндер бойынша қосымша сабақтарын және әдеби кештер мен дене қимылы (гимнастика) үйірмесін ұйымдастыруға мақсатты түрде көңіл бөліне басталды.
- 1913–1914 жылдары сабақтан тыс жұмыстардың жаңа формалары пайда болды: тілдік, сурет салу, музыка, балшықпен жабыстыру ісімен шұғылданатын үйірмелер; қойылым (спектакль) қою, әдеби-музыкалық, би кештерін, көрме жұмыстарын ұйымдастыру; саяхатқа бару. Осындай жұмыстарды атқару барысында сынып тәрбиешілері тағыда негізгі ұйымдастырушы және оларға қатысушы бола алмады. Олардың міндеті тек оқушыларды бақылаудан аспады.

- Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңдерінде де сынып жетекшісі деген қызмет болмады. Оқушылармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мұғалімдердің бәріне бірдей жүктелді. Оларды *топ жетекшілері* деп атады. Негізгі міндет *коммунистік идеология* аясында оқушылардың саяси тәрбиесіне көптеп көңіл бөлу. Оқушылардың бастауыш ұжымдарында жалпы мектептік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруды мақсат етіп қойды. Іс жүзінде тәрбие жұмысына онша көңіл бөлінбеді. Мұғалімдердің қызметі оқушылар және олардың ата-аналары жайында мәліметтер жинастыру, сабаққа қатысуын қадағалау т.с.с. болды.
- 1928 жылы сынып тәрбиешісі қызметі ресми түрде жойылып, оқушылардың *өзін-өзі басқару ұйымына* басымдылық берілді. Дегенмен де бұл бағытта да оң нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмады.
- 1930 жылдары отандық мектепте өте маңызды өзгеріс болды. ВКП Орталық Комитетінің 1931 жылғы «Бастауыш және орта мектеп туралы» және 1932 жылғы «Бастауыш және орта мектептің тәртібі туралы» тарихи қарары негізінде оқу процесіне **сыныптық сабақ жүйесін** енгізу, оқушылардың жеке-дара білімдерін жүйелі түрде есепке алу, тұрақты оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жасау т.б жұмыстары жүйелі жүргізіле бастады. Осыған байланысты топ жетекшілерінің де жағдайы өзгерді.

- 1934 жылы “Жалпы еңбек мектебінің” Жарғысы мен Ережесінің қабылдануы, мектептердегі оқу-тәрбие процесін топтан оқыту тәртібіне көшіруі, сыныптық-сабақ жүйесіне өтуге байланысты 1931 жылдың 3 қараша айында арнайы енгізілген *топ жетекшісі* қызметі, **сынып жетекшісі** деп өзгертіліп, олардың тәрбиешілік қызметтерінің міндеттері мен мазмұны, формалары мен әдістері жаңа сипатқа ие болды. Осы Ережемен бірге сынып жетекшісінің *қызметі* де бекітілді.
- 1947 жыла сынып жетекшісі туралы жаңа Ереже қабылданды. Онда сынып жетекшілерін тағайындаудың жаңа тәртібі белгіленіп, олардың қызметі нақтыланды. Сонымен бірге тәрбие жұмысын жоспарлау және есеп беру формалары туралы нұсқау берілді. Бастауыш сынып ұжымын ұйымдастыру және оны қалыптастыруға, ондағы тәрбие жұмысының негізі оқушылардың идеялық-саяси тәрбиесіне аса мән берілді. Пионер және комсомол ұйымдарымен жұмыс істеу, оқушылардың “Оқушылар ережесін” үйренуі міндеттелді.



- Осыдан 1971 жылғы жаңа “Сынып жетекшісінің Ережесіне” дейінгі мерзімде сынып жетекшілерінің міндеттерінде айрықша өзгеріс болмады.
- Соңғы жылдары кейбір мектептерде “Сынып жетекшісінің” орнына тек тәрбие мәселелерімен айналысатын дербес “Сынып тәрбиешісі” деген қызмет пайда болуда. Оның себебі, біріншіден, бүгінгі таңдағы әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы маңызды өзгерістердің ықпалы. Олар қоғамдық және тұлғалық қатынастарға кең көлемде ықпал етуде. Бір жағдайда, бұл қатынастар субъект ретінде бәсекеге төтеп бере алатын барлық оған қатысушыларға тым қатаң талап қойса, екінші жағдайда, адамның қоғамдағы өз тағдырын өзі еркін шешуге, әлеуметтік мәселелердің тәсілдерін таңдауда оған мүмкіндік береді.
- Мұндай көзқарас мектептегі педагогикалық процеске қатысушылардан жаңа ізденпаздықты талап етеді. Соған орай тек білім беру саласында ғана емес, сонымен бірге ұстаздар мен оқушылар, мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым арасында қызықты жобаларды қарастыру, оларды педагогикалық процеске ендіру қажеттігі басымдылық танытуда. Олардың негізіне ынтымақтастық және тең құқықтық серіктестікті жатқызу көзделіп отыр.

- Екіншіден, білім беру жүйесінде жаңа сипаттағы оқу орындарының пайда болуы: гимназия, лицей т.с.с. Соның барысында кейбір классикалық тұрғыдағы білім беретін жалпы орта мектептерінің педагогикалық әрекеті өзгеріске ұшырауда. Соған сәйкес сынып жетекшісі қызметінің мазмұны мен сипаты да өзгеруде:
- -пән мұғалімі, бір мезгілде сынып жетекшісінің қызметін атқарушы;
- -сынып жетекшісі, аз мөлшерде оқу жүктемесі бар пән мұғалімі;
- -сынып жетекшісі, тек тәрбие жұмысымен айналысатын мұғалім;
- -сынып тәрбиешісі (кейбір оқу мекемелерінде пайда болған жаңа қызмет).
- Осындай жіктеуге қарамастан, сынып жетекшілерінің, тәрбиешісінің қызметі, құқығы мен міндеттері өзгеріссіз қалуда. Себебі, мектептің педагогикалық қызметі оның Жарғысы бойынша әрекет етеді, яғни сынып жетекшісінің тәрбие қызметі де осы құжатқа негізделген.
- таба білуіне көмектесе отыра, олардың дамуына қолайлы жағдай туғызу.

- Дегенмен, баланы тәрбиелеу ісі оның әлеуметтік ортамен өзара тікелей белсенді әрекеті жағдайында жүзеге асады. Мұндай жағдайда сынып жетекшісінің қызметі оқушылардың әлеуметтік өмірде өздерін-өздері тани білуіне, сынып және мектеп ұжымында өз орындарын таба білуіне көмектесе отыра, олардың дамуына қолайлы жағдай туғызу.
- Бүгінде қоғамды реформалау жағдайында мектепке, оқушылар мен мұғалімдерге қойылатын талаптар да жаңа сипатқа ие болуда. Дегенмен, сынып жетекшісі қызметінің маңыздылы жойылған жоқ. Ол жаңа жағдайға сай өзара байланысты **3 қызметті** атқарады:
- *-әртүрлі бағытта сыныптағы оқушылардың оқу-тәрбие әрекетін ұйымдастыру;*
- *- әрбір оқушының тұлға ретінде дамуына қамқорлық жасау;*
- *- сыныпта туындаған мәселелерді шешуде балаларға көмек көрсету.*
- 70–80 жылдардағы мектептен өзгешелігі, тәрбиенің ықпал ету күші негізінен баладан тысқары байланыста болғаны. Бүгінде көптеген сынып жетекшілерінің ол жөнінде көзқарастары басқаша. Яғни, тәрбиені баланың ішкі жан дүниесін дамытуға жағдай жасау деп түсінеді.

- Осыдан барып тәрбие жұмысының бағыты мен жүйесі өзгереді. Мұндай көзқараста баламен *жеке жұмыс жасау* мүмкіншілігі күшейеді. Ол әрбір баланың дене және рухани-психикалық дамуын қамтамасыз етумен байланысты қарастырылады.
- Мұндай жағдайда, бірінші кезекте, негізінен сыныптың ішкі көңіл күйін көтеруге, онда жағымды психологиялық жағдай туғызуға, балалардың өзін-өзі басқаруын қалыптастырып, дамытуға, әрбір жеке баланың өзін-өзі танып, қоршаған ортаға қатысты ашылуына жағдай туғызуға, оқушыларды шынайы әлеуметтік өмірмен қарым-қатынас жасауға аса көңіл бөлінеді.

-

### 4.3. Сынып жетекшісінің педагогикалық қызметі.

- Сынып жетекшісінің *педагогикалық әрекетінің мазмұны* және *тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі* оның жан-жақты педагогикалық қызметі арқылы анықталады.
1. **Педагогикалық және әлеуметтік-гуманитарлық қызметі.** Оның бұл қызметі балаға барлық бағытта көмектесу: әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына жағдай тудыру; тұлғалық өзекті мәселесін шешу; әлеуметтік өмірге араластыру; өз бетінше өмір сүре білуіне көмектесуге бағытталған. Баланың отбасымен, тәрбиенің басқа да мекемелерімен өзара тығыз байланыс орнату. Рухани-адамгершілік және рухани-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру және т.б.
  2. **Ұйымдастырушылық қызметі.** Тәрбие процесін ұйымдастыру. Балалардың орынды талап-тілектерін қолдай отыра, ынтымағы жарасқан, саналы да белсенді әрі іскер сынып ұжымын қалыптастыру. Олардың танымдық, шығармашылық, еңбек, эстетикалық әрекеттерін және демалысы мен еркін қарым-қатынасын ұйымдастыру. Сыныптағы өзін-өзі басқаруды дамыту. Тәрбиелеуші ортаны қалыптастыру.

### 3. Оқушылардың жалпы әрекетін басқару және әдістемелік қызметі.

Оған: диагностикалық, мақсатқоюшылық, жоспарлау, болжам жасау, жобалау, талдау жүргізу, бақылау және түзету (коррекция) енгізіп отыру қызметтерін жатқызуға болады.

- *Диагностикалық қызметі* сыныпта оқу-тәрбие процесін нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның жетекшісі оқушылардың тәрбиелік деңгейі мен сапасын анықтап отыруы, соған сәйкес олардың тұлғалық және жеке-дара қабілеттері мен мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеуі, оған талдау жүргізуі; сыныптағы келеңсіз жағдайдың себебін анықтап, оны болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын және т.б. қарастыруды көздейді.
- Сынып жетекшісі осындай жұмыстарды атқару барысында, біріншіден, өзінің педагогикалық әрекетінің нәтижесін көре алады. Екіншіден, диагностикалық зерттеу жұмысының нәтижесін талдауда, оны баланың жеке тұлғасын қалыптастыру және дамыту құралына айналдыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл процесс оқушылардың жас және дара ерекшелігімен сынып ұжымының қалыптасу дәрежесіне байланысты жүзеге асады.

- Тәрбие жұмысында сынып жетекшісі диагностикалық зерттеу жұмысының нәтижесіне сүйеніп, оның *мақсатын* анықтайды. Сынып жетекшісінің *мақсатқоюшылық* қызметі тәрбие жұмысын жоспарлауда көрініс табады.
- *Жоспарлау* – бұл сынып жетекшісінің педагогикалық және сынып ұжымының оқу-тәрбие процесіндегі әрекеттерін нәтижелі ұйымдастырудағы маңызды әрекеті. Жоспардың қызметі – балаға жасайтын педагогикалық ықпалды *жүйеге* келтіру, педагогикалық талаптарды орындаудың біртұтастығын қамтамасыз ету, ондағы белгіленген тәрбие шараларының бірізділігі мен басқару тиімділігін арттыруды көздейді.
- Жоспарлау - мақсатқа жетудің бірден-бір негізгі жолы.
- Тұлғаны тәрбиелеуде оның ертеңгі қуаныш күнін, *болашағын болжау*, оны *жобалаудың* да маңызы ерекше. А. С. Макаренко адамдағы жақсы қасиет әркезде оны жобалау арқылы келетіндігіне үнемі назар аударады. Сол секілді В. А. Сухомлинский де «тәрбиені ғылыми тұрғыда алдын ала болжамау, онда ол қарапайым көрініске: тәрбиеші – сауатсыз күтушіге, педагогика – балгерлікке айналар еді. Онсыз тәрбиедегі, біріншіден мақсаттылықтың, екіншіден, тіпті тәрбие процесінің өзі де болмаған болар еді» – дейді.

- Сондықтан, тәрбие процесінің нәтижесін алдын ала жобалау, болжау сынып жетекшісі қызметінің маңызды бір буыны болып есептеледі.
- Сол секілді сынып жетекшісінің оқушылардың оқу және тәрбие процесіне *бақылау* жүргізіп және оған *түзету енгізіп* отыруы – бұл оның нәтижесін, сапасын қадағалауға мүмкіндік береді, оны үнемі жетілдіріп отыруды қамтамасыз етеді. Бақылаудың нәтижесіне талдау жасау барысында сынып жетекшісі, қажет болған жағдайда балалар ұжымына немесе жекелеген оқушылардың әрекеттеріне *түзету енгізуді* жүзеге асырады.
- Дегенмен де, сынып жетекшісінің оқу-тәрбие процесінің нәтижесін бақылауы және түзету енгізіп отыру қызметі тек оқушылармен және пән мұғалімдерімен бірлескен жұмыстары барысында ғана нәтижелі болады.
- Сынып жетекшісінің жоғарыда көрсетілген *педагогикалық қызметі*, оның педагогикалық әрекетінің *мазмұнын* анықтайды.



- Қазіргі мектепте сынып жетекшісінің қызметіне қатаң қойылған регламент жоқ. Ол өзінің ұстанымын өзі таңдайды, тәрбиенің мазмұны мен құралдарын өзі таңдайды, оқушылармен гуманистік қарым-қатынасты орнату бағытын өзі белгілейді. Оның табысты болуы, негізінен сынып жетекшісінің қойылған мақсатқа сай өзінің педагогикалық әрекетінің түпкі нәтижесін алдын-ала жақсы көре, болжай, сезіне білсе ғана мүмкін болады.
- Соңғы 80-90 жылдары сынып жетекшісі қызметінің шамадан тыс артуы белең алды. Ол, бір жағдайда, барлық жерде балалар ұйымы /октябрыт, пионер, комсомол/ жұмысының тоқталуымен байланысты болса, ал екінші жағдайда, көптеген мектептен тыс балалар мекемелері қызметінің ақылы жүйеге ауысуы да тәрбие жұмысына кері әсерін тигізді. Соған орай, мүмкіншілігі жоқ кейбір балалар тобы, оның қызметін көре алмауда. Бұл сынып жетекшілері үшін де қосымша жұмыс болып есептелінді. Оның орнын толтыру, ендігі жерде сынып жетекшілерінің басты мәселесіне айналды.

- Сондай-ақ, қазіргі қоғамда ғылымның, техниканың, өндірістің, мәдениеттің жоғары дамуы тәрбие жұмысының мазмұнын қыйындатуда және оған қойылатын талаптар да артуда. Бұған қосымша қоғамды демократияландыру жағдайы да мектептің сипатын, мазмұнын, тәрбиелік іс-әрекеттің формасын және оны басқару стилінің өзгеруіне де өз ықпалын тигізуде.
- Мұндай жағдай, сынып жетекшілері және пән мұғалімдерінен мектептің оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен, ізденпаздықпен қарым-қатынас жасауы, оны ұйымдастыруда жаңа бейдәстүр формаларды көптеп ендіру қажеттілігін күшейтіп отыр.

#### 4.4. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмыстары және оның бағыттары мен мазмұны.

- Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі, біріншіден, ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік және дағдыларын беру процесі болса, ал екіншіден, адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру. Сондықтан, тәрбиені әлеуметтендіру процесінің педагогикалық компоненті ретінде қарастырған жөн. Ол мақсатты түрде адамның әлеуметтік дамуына жағдай тудыруды көздейді. Мұндай көзқараста баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру басшылыққа алынады: оқу, еңбек, қарым-қатынас, ойын, практикалық әрекеттер т.с.с.
- Оны жүзеге асыруда сынып жетекшісі мектеп мұғалімдерінің оқушыларға тәрбиелік ықпалын үйлестіріп, олардың оқушылармен сабақтан тыс уақытта мақсатты түрде әртүрлі педагогикалық әрекеттерін ұйымдастыруын қадағалайды. Сондықтан, біз мұғалімдердің кәсіби қызметін жүзеге асыруда балаға жасаған ықпалы туралы айтар болсақ, онда мұндай педагогикалық әрекетті – **тәрбие жұмысы** деп атаймыз.

- Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы бірыңғай ұйымдастырушылық және мектеп алдында тұрған педагогикалық міндеттерді шешуді қарастырады. Ол оқушының жан-жақты нәтижелі дамуын, соған сәйкес тәрбие міндеттерін шешудің формалары мен тәсілдерін таңдап және оны жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ол негізінен **3 бағытта** жүзеге асады.

#### 1. Оқушыға тікелей ықпал жасау:

- -оның жеке-дара даму ерекшелігін, қызығушылығын, қажеттілігін, бейімділігін, қоршаған ортасын танып білу;
- -тәрбие жұмысын алдын ала болжау, жобалау;
- -жеке-дара және ұжымдық жұмыста тәрбие формалары мен тәсілдерін жүзеге асыру;
- -тәрбие жұмысының нәтижесіне талдау жүргізу.

#### 2. Тәрбиелеу ортасына жағдай тудыру:

- -белсенді, ынтымағы жарасқан оқушылар ұжымын қалыптастыру;
- -онда жағымды моральдық-психологиялық көңіл-күйді орнықтыру;
- -оқушыларды жан-жақты әлеуметтік әрекетке қатыстыру;
- -оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту.

- 3. Баланың әлеуметтік қалыптасуына ықпал ететін әртүрлі субъектілерге көмектесу, бақылау жасау:
- -отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету;
- -мұғалімдер ұжымының педагогикалық әрекетіне қолдау көрсету;
- -бұқаралық ақпарат құралдарының балаға ықпалын бақылау;
- -мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау.
- Сынып жетекшісі жұмысының шамамен алынған **циклограммасы:**
- *Күнделікті атқаратын қызметі:*
  - 1) Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы мен даярлығын, оқу-құрал жабдықтарының нақты қолда болуын тексеру, қадағалау және сабаққа кешігіп келген немесе келмей қалған оқушылардың себептерін анықтап, олармен жеке-дара мұмыс жүргізу.
  - 2) Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.
  - 3) Сыныпта кезекшілікті ұйымдастыру, оның санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келуін қадағалау.
  - 4) Оқушылармен жеке-дара жұмыс жүргізу (сабаққа үлгерімі, жекелеген пәнгі қызығышылығы, берілген үй тапсырмаларын дер кезінде орындауы, жеке басының тазалығы, оқу-құрал жабдықтарының сапасы және т.б.).

• ***Апта сайын атқаратын қызметі:***

- 1) Оқушылардың күнделіктерін тексеру.
- 2) Жоспар бойынша сыныппен жұмыс жүргізу.
- 3) Ата-аналармен жұмыс (нақты жағдайға байланысты).
- 4) Пән мұғалімдерімен жұмыс (нақты жағдайға байланысты).
- 5) Мектеп психологы, дәрігерімен кездесу (қажеттілігіне орай).
- 6) Оқушылармен бірге тәрбие сағаттарын даярлау, өткізу.
- 7) Мектепшілік іс-шараларға қатысу, оқушыларды оларға даярлау.
- 8) Апта соңында жоспар бойынша сыныпта атқарылған іс-шаралар, оқушылардың оқу-үлгерімі, тәртібіне және т.б. мәселелерді қорытындылап, оларға талдау жасау. Келесі аптаға атқарылатын іс-шараларды іріктеп, оларға жоспар құру, оқушыларға тапсырма беру.

• ***Ай сайын атқаратын қызметі:***

- 1) Өз сыныбындағы сабақтарға қатысу.
- 2) Ата-аналар комитетімен кездесу.
- 3) Сыныптың өзін-өзі басқару ұйымының мәжілісіне қатысу, оның жұмысына үнемі қолдау көрсетіп отыру.
- 4) Оқушылар жиналысын өткізу.

- 5) Оқушылардың сабақ үлгерімі, мінез-кұлқы, сабаққа қатынасы, тәрбиелік сапасының деңгейін анықтап отыру мақсатында үнемі диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыру.
- 6) Мектеп әкімшілігі, әдістемелік кеңес жұмыстарына қатысу.
- 7) Оқушылардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері және қосымша білім беру мекемелерінің жұмыстарына қолдау көрсету.
- 8) Оқушылардың демалысын ұйымдастыру, оларға үнемі қолдау көрсетіп отыру.

- ***Тоқсан сайын атқаратын қызметі:***

- 1) Тоқсан қорытындысы бойынша сынып журналын, оқушылардың үлгерім табельдерін толтыру.
- 2) Тоқсан бойынша оқушылардың оқу үлгерімі, атқарылған тәрбиелік шараларды қорытындылап, талдау жасап, әкімшілікке есеп беру іс-қағаздарын әзірлеу.
- 3) Оқушылардың оқу-үлгерімі мен тәрбиелік сапасының деңгейіне мониторинг жасау.

4) Ата-аналар комитетімен жұмыс.

5) Ата-аналар жиналысын өткізу.

6) Келесі тоқсанның оқу-тәрбие жұмысының жоспарын құру.

• Сынып жетекшісі жұмысының нәтижесін **бағалау өлшемі:**

1) сынып өмірінің тұрақтылығы;

2) сынып ұжымының жетілу және қалыптасу дәрежесі;

3) сыныпта моральдық-психологиялық көңіл-күйдің (жағдайдың) қалыптасу дәрежесі;

4) оқушылардың тәрбиелік деңгейінің сапасы мен жалпы мәдениетінің нақты даму жағдайы (интелектілік, адамгершілік, эстетикалық, құқықтық т.с.с.);

5) сынып жетекшісінің оқушылардың өмірін ұйымдастыру және оған ата-аналар мен жұртшылықты тарта білу қабілеті, белсенділігі, педагогтік шеберлігінің дәрежесі және т.б.



- ***Жылына бір рет:***

- 1) Оқу жылын қорытындылау (есеп-қисап қағаздарын әзірлеу).
- 2) Ата-аналар жиналысын өткізу.
- 3) Сынып жиналысын өткізу.
- 4) Оқушылармен жүргізген диагностикалық зерттеу жұмыстарына талдау жасау.
- 5) Келесі оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының шамамен алынған жоспарын құру.
- 6) Оқушылардың оқу-құрал жабдықтарын кітапханаға өткізу жұмыстарын ұйымдастыру, қадағалау.

- **Сынып жетекшісі жұмысының нәтижесін бағалау өлшемі:**

- 1) сынып өмірінің тұрақтылығы;
- 2) сынып ұжымының жетілу және қалыптасу дәрежесі;
- 3) сыныпта моральдық-психологиялық көңіл-күйдің (жағдайдың) қалыптасу дәрежесі;

- 4) оқушылардың тәрбиелік деңгейінің сапасы мен жалпы мәдениетінің нақты даму жағдайы (интеллектілік, адамгершілік, эстетикалық, құқықтық т.с.с.);
- 5) сынып жетекшісінің оқушылардың өмірін ұйымдастыру және оған ата-аналар мен жұртшылықты тарта білу қабілеті, белсенділігі, педагогтік шеберлігінің дәрежесі және т.б.

# Әдебиеттер:

1. Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық. /С.Әбенбаев, Г. Ахметова. – Астана: Фолиант, 2017. – 312 б.
2. Қожахметова К.Ж. Сынып жетекшісі. – Алматы, 2000.
3. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. –Алматы, 2004. Б. 119-144.
4. Болдырев Н. Класс жетекшісі. -Алматы: Мектеп, 1980.
5. Тайтанова Н.Қ. Сынып жетекшісі жұмысының мазмұны. –Алматы: ББЖ ҚБАРИ. – 2010. – 170 б.